

Мемлекеттік меншіктің кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 21 мамырдағы № 314 қаулысы.

"Мемлекеттік мүлік туралы" 2011 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңы 114-бабының 1-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес республикалық мүлік Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен "Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі" республикалық мемлекеттік мекемесінің теңгерімінен "Хабар" агенттігі" акционерлік қоғамының акцияларын төлеуге берілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігімен бірлесіп, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

А. Мамин

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2020 жылғы 21 мамырдағы
№ 314 қаулысына
қосымша

"Хабар" агенттігі" акционерлік қоғамының акцияларын төлеуге берілетін республикалық мүлік

Р/с №	Мүліктің атауы	Мекенжайы	Алаңы (ш.м.)	Кадастрлық нөмірі
1	Пәтер	Нұр-Сұлтан қаласы, Есіл ауданы, Достық көшесі, 13/2-үй, 83 пәтер	61,7	21:320:000:000:13/2: 83